# ТЕСТІЛЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ

**2016 ЖЫЛ**

## Тестілеу мақсаты :

Жоғары сапалы білім мен жоғары білімге қол жеткізуде әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ететін оқытудағы жетістіктердің сыртқы тәуелсіз бағалау жүйесін құру.

## Тестілеу міндеттері:

- ✓ бірыңғай өлшеу материалдарының көмегімен білім беру сапасын басқару және мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету.
- ✓ білім беру сапасын бағалауда әділдік пен нақтылықты көтеру.
- ✓ білім грантына қол жеткізу үшін әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету.

## Нормативтік құқықтық құжаттар:

1. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы.
2. Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу ережесі.
3. Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесі.
4. ҰБТ, ТКТ ұйымдастыру мен өткізу бойынша нұсқаулықтар.

# Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына енген өзгерістер:

Басым құқыққа ие иегерлері тізіміне енген өзгерістер

- (Назарбаев интеллектуалды мектептері) дербес білім беру ұйымдарының

**тізімнен *алынды***

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымын бітіргендігі туралы құжаты бар, біліктілігі болуы және мамандығы бойынша кемінде бір жыл еңбек өтілі бар тұлғалардың

**тізімге енгізілді**

Қорытынды бағаларды баллға ауыстыруда ҚР БҒМ бұйрығына сәйкес ҰБТ нәтижесімен сертификат берілетін тізімге енгізілген өзгеріс

- Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының ағымдағы жылғы қатысушылары *Тізімнен алынды*

# Пункты проведения ЕНТ (филиалы НЦТ)




Общее количество филиалов НЦТ – 154;
Общее количество ППЕНТ - 165

• ППЕНТ, функционирующие за счет республиканского бюджета

• **ППЕНТ, функционирующие за счет средств МИО**

# Тестілеуді өткізу технологиясының сызбасы



# Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысушылар

Ағымдағы жылы ЖОО-ға түскісі келетін бітірушілер

«Алтын белгі» алуға үміткерлер

Жалпы орта білім туралы үздік аттестат алуға үміткерлер

Өзбек, ұйғыр және тәжік тілінде жалпы білім беретін мектептердің бітірушілері – ерікті түрде мемлекеттік немесе орыс тілдерінде

Ағымдағы жылғы оқушылардың ғылыми жарыстары мен жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалардың жүлдегерлері

**2004-2015 ж.ж мектеп бітірушілердің жалпы санына қатысты ҰБТ-ға қатысушылар саны**




4922 мектеп

**«ҰБТӨП» деректер базасындағы мәліметке сәйкес 2015 ж.11 (12)-сынып оқушыларының саны – шамамен 128 мың адам**

# Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсыраудан босатылғандар

Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың соңғы үш жылдағы жеңімпаздары

Дербес білім беретін ұйымдардың бітірушілері

Халықаралық мектептің бітірушілері

ҚР БҒМ бұйрығының негізінде тестілеу нәтижелерімен (қорытынды бағаларды баллға ауыстыру) сертификаттар басу

Шетел оқушыларымен халықаралық алмасу желісі бойынша қатыспағандар

Денсаулығына байланысты тестілеуге қатыса алмағандар

Отбасы жағдайына байланысты (жақын, туыстарының қайтыс болуы), штаттан тыс жағдайға байланысты тестілеуге қатыса алмағандар

ТКТ қатысуға рұқсат алу

# Тестілеу пәндері

## Уақыты:



3,5 сағат (210 минут).

**Әрбір пән бойынша сұрақтар саны – 25 Білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін балдардың ең төменгі деңгейі - 50 балл, ұлттық жоғары оқу орындарына түсушілер үшін - 70 балл, «Білім», «Ауылшаруашылық ғылымдары», «Ветеринария» бағыттарының мамандықтары тобына 60 балл, «Жалпы медицина» мамандығы бойынша - 65 балл, соның ішінде бейіндік пәннен 7 балдан, ал қалған пәндерден 4 балдан кем болмауы керек.**

## Тестілеу пәндері:




**Бір пәннен 4 балдан кем алған жағдайда талапкер БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН ТАҒАЙЫНДАУ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСА АЛМАЙДЫ**

# Педагогикалық мамандықтарға түсу

**2016 жылдан бастап арнайы немесе шығармашылық дайындықты қажет ететін педагогикалық мамандықтарға түсу үшін арнайы немесе шығармашылық емтихандар тапсырылуы есепке алынады.**

*Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы*
*26 баптың 9 тармағы*

## Өтініштер беру

- базасында Тәуелсіз мемлекеттік комиссиясы құрылған ЖОО-ның қабылдау комиссиясына
- Белгіленген мерзім ішінде

## Емтихан өткізу

- Белгіленген мерзім ішінде
- Екі кезең: тестілеу және әңгімелесу (сұхбаттасу)
- Арнайы бланкілерді қолдану арқылы өтетін – ЖОО-да өңделуі
- Емтиханға тапсырмаларды ЖОО әзірлейді

## Емтихан нәтижесі

- Арнайы емтихан ведомосын басып шығару
- Емтиханға қатысушыларға емтихан нәтижесінің АНЫҚТАМАСЫ басылады және рәсімделеді

# Тестілеу пәндері (арнайы емтихан) және олардың нәтижелері



# Арнайы емтихан

Арнайы емтиханның мақсаты – талапкерлерді педагогикалық бағытқа икемділігін анықтау

- **Педагогикалық бағытқа икемділігі анықталады :**
- Психологиялық тестілеу арқылы
- Педагогикалық жағдайды шешу арқылы

**Психологиялық тестілеу:**

1. Талапкердің педагогикалық бағытқа икемділігін зерттеу;
2. Талапкердің кәсібилік бағытының деңгейін анықтау;
3. Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімінің сауалнамасы.

Максималды балл саны – 10 балл.

**Педагогикалық жағдай:**

Педагогикалық жағдайды шешуде талапкерге педагогикалық амалды талап ететін өмірлік тарихы, оқиға беріледі.

Максималды балл саны - 15.

Педагогикалық жағдайды шешу үшін әр талапкерге 20 минут беріледі.

## Арнайы педагогикалық мамандықтарға түсу үшін конкурста есептелетін баллдар

Оқыту тілі
(25 балл)

Қазақстан тарихы
(25 балл)

**1 шығармашылық емтихан**
**(25 балл)**

Математика
(25 балл)

Таңдау пәні
(25 балл)

**Арнайы емтихан нәтижелері төменгі шектік баллға әсер етпейді**

# Өткізу мерзімдері

| Іс-шара | Мерзімі |
| --- | --- |
| ҰБТ-ға өтініш қабылдау | 10 наурыз – 25 сәуір |
| Ұлттық бірыңғай тестілеу | 1 – 15 маусым |
| ТКТ-ға өтініш қабылдау<br>Шығармашылық мамандықтар үшін | 20 маусым – 9 шілде<br>20 маусым – 1 шілде |
| Шығармашылық емтихан | 2 – 7 шілде |
| Талапкерлерді кешенді тестілеу | 17 – 23 шілде |
| Білім грантын тағайындау конкурсына өтініш қабылдау | 23 – 31 шілде |
| Білім гранттарын тағайындау конкурсы | 1 – 10 тамыз |
| **«Білім» бағытындағы мамандықтарға түсу үшін арнайы емтихандар** | |
| Құжаттарды қабылдау | 20 маусым – 9 шілде |
| Емтиханды өткізу | 2 – 14 шілде |

Ескерту: арнайы емтихандарға өтініш қабылдау және емтихан күндерінің мерзімдері нақты емес, оларда өзгерістер болуы мүмкін

# Тестілеудегі негізгі ереже бұзушылықтар

Тестілеу өткізуде қажетті санитарлық-тұрмыстық жағдайлардың болмауы

ҰБТӨП-терде қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастыру шараларының төмен деңгейде жүргізілуі

Жергілікті жерлердегі тестілеуді ұйымдастырушылар тарапынан тестілеу өткізу ережесін бұзу немесе бұзуға жол беру

Медицина қызметкерлері тарапынан ереже бұзу (тыйым салынған заттарды тасу)

Техникалық жабдықтарға ескертулер (ұялы байланыс желісін сөндіретін құралы, металліздегіш, бейнебақылау)

тапсыруға әрекет ету, аудиторияда тәртіп сақтау ережесін бұзу

**2014 жылы тыйым салынған заттарды қолданғаны үшін және тестіленушінің орнына бөгде адамның кіргені үшін ҰБТ-дан шығарылғандар**




**2015 жылы тыйым салынған заттарды қолданғаны үшін және тестіленушінің орнына бөгде адамның кіргені үшін ҰБТ-дан шығарылғандар**



# Табылған тыйым салынған заттардың саны

| Тыйым салынған заттардың түрлері | 2014 жыл | | 2015 жыл | |
|---|---|---|---|---|
| | Тестілеуге кіргізу барысында | Тестілеу өту барысында | Тестілеуге кіргізу барысында | Тестілеу өту барысында |
| Ұялы байланыс телефоны | **20754** | **8686** | **13511** | **9581** |
| шпаргалка | **6179** | **17772** | **5708** | **21606** |
| калькулятор | **615** | **786** | **470** | **515** |
| Басқа да | **69** | **217** | **258** | **363** |
| **барлығы** | **27617** | **27461** | **19947** | **32065** |







# 2015 жылғы тестілеуде қатаң ереже бұзған жағдайлар

| ҰБТӨП | Ереже бұзушылықтар | Шешімі |
| --- | --- | --- |
| 715 М.Оспанов атындағы БҚММУ (Ақтөбе қ.) | - Аудиториялар бір-бірінен алшақ орналасқан;<br>- Орталықтанған бейнебақылаудың болмауы;<br>- ҰҚКД қызметкерлері арқылы ұялы байланыс телефондарын беру;<br>- тыйым салынған заттар санының көп болуы (1 бітірушіге 7 дананадан келеді) | ҰБТӨП басқа университеттің базасына ауыстырылды |
| 805 Алматы облысының Ұзынағаш ауылы | Тестіленушілердің орнына **16** бөгде адамдардың кіруі | - Жамбыл аудандық білім бөлімі жетекшісіне сөгіс берілді;<br>- Білім бөлімі секторының жетекшісі өз қызметінен босатылды;<br>- 6 мектеп директоры өз қызметтерінен босатылды |

# Тестілеу технологиясын сақтауды қамтамасыз ететін техникалық құралдар

Тестілеуге кіргізу барысында қолданылады — Металліздегіш

**Қолдануға нұсқаулық:**

- құрылғыны техникалық талаптарды сақтай отырып қолдану;
- қолмен іздейтін қондырғымен жұмыс барысында жыныстық белгілерді сақтау;
- тыйым салынған зат табылған жағдайда (қондырғыға тиіс дыбыс) бітірушіге оны сақтауға тапсыруға ұсыныс жасау;
- мемлекеттік комиссияның төрағалардың бітірушілермен дұрыс қатынас жасау бойынша тексерушілер арасында нұсқама өткізу;

Тексеруді өткізу процедурасын бітірушілерге, ата-аналарға және мұғалімдерге сынып сағатында және ата-аналар жиналысында түсіндіру.

Тестілеу кезінде қолданылады — Ұялы телефон желісін сөндіретін құралдар; Бейнебақылау

**Қолдануға нұсқаулық:**

-қолданар алдында санитарлық-эпидемиологиялық стансаның (СЭС) қызметкерлері сәулелену деңгейін өлшеп алуы керек;

-тестілеу өткізу кезінде бітірушілер отырған орындарға жақын орналастырмау;

-ұялы байланыс телефондары желісін сөндіру құралдарының жұмысын түлектерге, олардың ата-аналарына және мұғалімдерге жиналыс кезінде түсіндіру.

**2015 жылғы ҰБТ өткізуді ұйымдастыру кезіндегі құралдар саны**

| Ұялы телефон желісін сөндіретін құралдар | Металліздегіш | | | Бейнетіркеуші | Бейнекамера |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | Оның ішінде: Қолда ұстайтын | Оның ішінде: Жиектемелі түрі | | |
| 1360 | 438 | 283 | 155 | 310 | 2232 |

# Тестілеу нәтижелерін жариялау

Тестілеу нәтижелері бойынша емтихан ведомосы бітірушінің ЖСН, ТЖК (бітірушінің аты-жөні ЖСН-ға ауыстырылды) аудитория және пәндер бойынша жинаған баллдың көрсетілуімен ақпараттық тақталарда ілінеді

Жалпы білім беру аттестатына қорытынды бағаларды қою үшін білім беру ұйымдарының бөлінісінде бітірушінің аты-жөні мен пәндер бойынша жинаған баллдың көрсетілуімен тестілеу нәтижелерінің емтихан ведомостары Мемлекеттік комиссияға тапсырылды. Аттестатқа бітірушінің жылдық қорытынды бағасы мен тестілеу нәтижесі бойынша алынған баллды есептеп ортақ арифметикалық баға қойылады

Тестілеу нәтижелерін ҰТО-ның www.testcenter.kz сайтынан бітірушінің ТЖК немесе ЖСН енгізу арқылы көруге болады. ҰБТӨП-те емтихан нәтижелері өңделіп болғаннан кейін тестілеу нәтижелері сайтқа ілінеді.

## Апелляциялық комиссия

Тестілеу өткізу барысында тест тапсырмасын бағалау кезінде туындаған даулы мәселелерді шешу және тест тапсырмаларын бағалау кезінде бірыңғай талаптарды сақтауды қамтамасыз ету, ҰБТ, ТКТ қатысушыларының құқықтарын қорғау мақсатында апелляцияны қарастыру бойынша республикалық комиссия және әрбір ҰБТӨП-те апелляциялық комиссия құрылады.

Бітірушілерден апелляцияға өтініштер белгіленген нысанда тестілеу нәтижелері хабарланғаннан кейін келесі күнгі сағат 14-00-ге дейін қабылданады.

Тестіленуші өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына береді және өтініш апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қарастырылады.

## Апелляцияның түрлері

### МАЗМҰНЫ БОЙЫНША АПЕЛЛЯЦИЯ

- ДҰРЫС ЖАУАБЫ ЖОҚ;
  БІРНЕШЕ ДҰРЫС ЖАУАБЫ БАР;
  ТЕСТ ТАПСЫРМАСЫ ДҰРЫС ҚҰРЫЛМАҒАН
- ОҢ ШЕШІМ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯМЕН КЕЛІСІЛЕДІ

### ТЕХНИКАЛЫҚ СЕБЕПТЕР БОЙЫНША АПЕЛЛЯЦИЯ

- ДҰРЫС ЖАУАПТАР КОДЫМЕН ДӘЛ КЕЛГЕН БІР ДӨҢГЕЛЕКШЕ БОЯЛҒАН, АЛ СКАНЕР ЕКІ БОЯЛҒАН ДӨҢГЕЛЕКШЕ РЕТІНДЕ ОҚЫҒАН;
  ДҰРЫС ЖАУАПТАР КОДЫМЕН ДӘЛ КЕЛГЕН БІР ДӨҢГЕЛЕКШЕ БОЯЛҒАН, АЛ СКАНЕР ОНЫ ОҚЫМАҒАН
- ШЕШІМДЕР ОРЫНДАРДА ҚАБЫЛДАНАДЫ (ҰТО-МЕН КЕЛІСІЛЕДІ)

# Сертификат

Сертификат - тестілеу кезінде мектеп бітірушінің алған балдарын ресми растайтын, белгіленген түрдегі, қатаң есептегі атаулы құжат.

Сертификаттың жарамдылық мерзімі – ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Білім беру грантын тағайындау конкурсы кезінде немесе ЖОО-ның ақылы бөліміне қабылдау уақытында келесі пәндердің ғана балдары есепке алынады:

қазақ немес орыс тілі (оқыту тілі)

Қазақстан тарихы

математика

таңдау пәні.

Сертификат тестілеу өткеннен кейін 3 күн ішінде беріледі.

# ҰБТ сертификатындағы балдарды жалпы орта білім беру туралы аттестаттың бағасына ауыстыру шкаласы

| № р/н | Пәні | 2 (қанағаттанарлықсыз) | 3 (қанағаттанарлық) | 4 (жақсы) | 5 (өте жақсы) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақ тілі | 0-3 | 4-13 | 14-20 | 21-25 |
| 2 | Орыс тілі | 0-3 | 4-13 | 14-20 | 21-25 |
| 3 | Қазақстан тарихы | 0-3 | 4-13 | 14-20 | 21-25 |
| 4 | Математика | 0-3 | 4-11 | 12-19 | 20-25 |
| 5 | Физика | 0-3 | 4-11 | 12-19 | 20-25 |
| 6 | Химия | 0-3 | 4-11 | 12-19 | 20-25 |
| 7 | Биология | 0-3 | 4-13 | 14-20 | 21-25 |
| 8 | География | 0-3 | 4-13 | 14-20 | 21-25 |
| 9 | Дүниежүзі тарихы | 0-3 | 4-13 | 14-20 | 21-25 |
| 10 | Қазақ әдебиеті | 0-3 | 4-13 | 14-20 | 21-25 |
| 11 | Орыс әдебиеті | 0-3 | 4-13 | 14-20 | 21-25 |
| 12 | Ағылшын тілі | 0-3 | 4-13 | 14-20 | 21-25 |
| 13 | Неміс тілі | 0-3 | 4-13 | 14-20 | 21-25 |
| 14 | Француз тілі | 0-3 | 4-13 | 14-20 | 21-25 |
| 15 | Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі | 0-3 | 4-11 | 12-17 | 18-25 |
| 16 | Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі | 0-3 | 4-11 | 12-17 | 18-25 |

## ҰБТ-2016 тест тапсырмалар қорын жаңарту

- логикалық түрдегі тест тапсырмалар санының көбеюі;
- тест тапсырмасына диаграммалар, суреттер, кестелер, сызбалар (биология, география, химия, математика, физика пәндеріне) қосылды.
- Тарихи құжаттар, жазба дереккөздермен жұмысты қамтитын тест тапсырмалары. Мәтінді түсініп, ұғыну мақсатындағы тест тапсырмалары.

# ҰБТ-ға қатысушыларға арналған танымдық ақпараттар мен интернет-ресурстар



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі www.edu.gov.kz

**Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті http://control.edu.gov.kz**

Ұлттық тестілеу орталығы www.testcenter.kz

- ҰБТ туралы негізгі мәліметтер
- Нормативті құқықтық құжаттар
- ҰБТ өткізу ережесі мен тәртібі
- Тест тапсырмаларының спецификациясы
- ҰБТ тест тапсырмаларының шамалас нұсқаулары
- ҰБТ жаңалықтары

# Ұлттық тестілеу орталығының әлеуметтік желілерінде

https://vk.com/testcenterkz

https://www.youtube.com/channel/UCzmZObVJTezesGylEKw6h-Q

https://www.facebook.com/testcenterkz

/https://instagram.com/testcenterkz

- Ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру және оны өткізу бойынша туындаған барлық сұрағына жауап таба алада.
- Берілген ақпарат дереккөздері тестілеуге дайындық әдістері мен оқыту материалдары туралы ақпараттарды ұсынатын болады.

www.testcenter.kz сайтында берілген түймешелерді басу арқылы әлеуметтік желілерге оңай кіруге мүмкіндік болады

# Тестілеуге дайындалу үшін ҰТО-ның баспа өнімінің түрлері

## Оқу әдістемелік құралдар

**Мақсаты –** бітірушілердің әрбір нақты пән бойынша дайындық деңгейін анықтау арқылы ҰБТ-ға дайындалуы













## Оқу әдістемелік құралдың құрылымы:

1. Кіріспе.
2. Тапсырмаларды орындаудың әдістемелік сипаттамасы.
3. Тест нұсқаулары:
- Бірнеше дұрыс жауабы бар - 5 нұсқау;
- Бір дұрыс жауабы бар – 10 нұсқау;

4. Дұрыс жауаптар коды.

# Байқау сынағының кітапшалары

**Мақсаты – бітірушілердің ҰБТ-ға дайындалу деңгейінің артуы және олардың тестілеу өткізу технологиясы туралы хабардар болуы.**







## Байқау сынағы кітапшасының құрылымы:

1. Байқау сынағының кітапшасына нұсқау нөмірі беріліп, құрамында тестілеу пәндері бойынша тест тапсырмалары жинақталған.
2. Апелляция бойынша ақпараттар.
3. Тестілеу кезінде тәртіп сақтау ережесі